

Абуханова Ажар Базарбаевнаның «8D011 - Педагогика және психология (6D010300 - Педагогика және психология) мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған «Замануи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына

РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШІКІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Докторанттың диссертация тақырыбы Қазақстан Республикасының «Білім» туралы Заңы, ҚР «Педагог мәртебесі» Заңы, ҚР Жоғары білімді және ғылымды дамытудың тұжырымдамасы, білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған «Педагог» кәсіптік стандарт сияқты нормативтік құжаттарда көрсетілген міндеттерді басшылыққа алумен сипатталады, сол себепті ғылымның даму бағыттарына және мемлекеттік бағдарламаларымен байланысты деп тұжырымдауға болады. Зерттеу тақырыбының өзектілігін дәлелдейтін тағы бір мәселе 2022 жылдың желтоқсанында қабылдаған «Педагог» жаңа кәсіби стандарты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес педагогтердің біліктілігіне, құзыретіне, мазмұнына, сапасына және еңбек жағдайларына қойылатын талаптарды белгілеп, біліктілік деңгейлерін саралап бағалауға мүмкіндік беретін құзыреттілік шеңберіне негізделеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен	Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер», соның ішінде Ғылым және технологиялар саласындағы зерттеулерді дамытудың өзекті мәселелері сияқты нысаналы бағдарламалар идеясына сәйкестігімен сипатталады. Зерттеу жұмысы 6D010300 - Педагогика және психология мамандығы бойынша ұсынылған.

		ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін</u> <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	Диссертанттың зерттеу жұмысы барысында алған ғылыми-тәжірибелік нәтижелері педагогика ғылымының дамуына <i>елеулі үлес</i> қосады. А.Б.Абуханованың заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытудың қажеттілігін және оны теориялық негіздерін анықтап, дамытудың мәнін аша отырып, заманауи білім беру мазмұны жағдайында тез өзгертін әлеуметтік, экономикалық және кәсіби жағдайларда сәтті бейімделу үшін педагогтерге қажетті біліктілік санаттарына сәйкес кәсібилігін құраушы құзыреттіліктерін анықтап, отандық білім беру саласында бәсекеге қабілетті маман даярлауға, педагогикалық ғылым саласын дамытуға үлесін қосады. Оған мысал ретінде педагогтің қазіргі білім беру үдерісіндегі рөлін айқындауда «заманауи педагогтердің кәсібилігі» ұғымына берілген авторлық анықтамасымен дәйектеледі. Зерттеу проблемасына сәйкес педагогтің кәсіби дамуына байланысты көрсеткіштерін нақтылауда акмеологиялық, тұлғалық-бағдарлы, субъектілік-әрекеттік, жүйелілік тұғырларының мәнін айқындауы, біліктілік санаттары бойынша кәсіби өсуін жүйелі ұйымдастыруға, үздіксіз даму жолындағы қажетті дағдылар мен білімдеріне қарай кәсіби мақсаттарын тиімді орындауға ықпал ететін құзыреттіліктерді, психологиялық және педагогикалық шарттарды, заманауи педагогтердің кәсібилігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін құрастыруы, теориялық білімін тәжірибемен ұштастыру мақсатында жасалған «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» кешенді бағдарламасы мен әдістемесі де педагогикада ғылыми маңыздылық пен теориялық құндылыққа ие.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	А.Б.Абуханованың зерттеу жұмысын өзі жазу деңгейі жоғары екендігін зерттеу проблемасына катысты шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттерге, негізгі ұғымдарға жасаған талдауынан; өз ойын кестеге, суретке түсіріп тұжырымды ұсынуынан; ғылыми тұжырымдар түйіндеуінен; ғалымдардың берген ойларына өз пікірін білдіруінен; жүргізілген тәжірибелік-эксперимент жұмысын рәсімдеуден; алынған практикалық нәтижелерді сипаттауынан да көруге болады, қойылған 5 зерттеу міндеттері толығымен шешімін тапқан, жұмыстың

			тараулары мен бөлімдері өзара логикалық байланысқан, дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u>; 2) <u>жартылай</u> негізделген; 3) негізделмеген.	А.Б.Абуханованың зерттеу жұмысының өзектілігі толықтай негізделген. <i>Ең алдымен</i>, Қазақстанның білім беру жүйесіндегі реформаларына сәкес заманауи білім беру мазмұнының кезеңдерін талдай отырып, бірінші 2012 жылдан басталған жаңартылған білім беру жүйесінің мақсаты: оқушылардың оқу жетістіктерін дамытуда заманауи қоғамға қажетті дағдыларын қалыптастыру, ғылым мен техниканың соңғы жетістіктерін меңгере отырып бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруды негізе ала отырып, екінші Post-COVID-ті және бүгінгі кезеңінде жалпы орта білім берудің негізгі мақсаты - оқушының жеке басының жан-жақты қалыптасуы мен үйлесімді дамуына ықпал ететін қолайлы білім беру ортасын құруда педагогтердің кәсібилігін дамыту өзекті мәселе екенін дәлелдеген. <i>Екіншіден</i>, зерттеу жұмысының міндеттері «Педагог мәртебесі туралы» Заңында көрсетілген педагогтің кәсіби қызметін жүзеге асырудағы құқықтары мен міндеттеріне сәйкес өзектілігі дәлелденген. <i>Үшіншіден</i>, заманауи білім беру мазмұнын іске асыру мен оны жүзеге асыруда педагогтердің біліктілік санаттарына сәйкес кәсіби құзыреттілігін дамытудың қажеттілігі мен педагогикалық негіздерінің жеткілікті айқындалмауы арасындағы; педагогтердің біліктілік санаттарын дамытуда заманауи талаптарға қарай тиімді әдістерін пайдаланудың қажеттігі мен олардың ғылыми-тәжірибелік тұрғыда негізделмеуінің арасындағы қарама-қайшылықтарды жою мәселесімен <i>өзектілігі негізделген</i>.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u>; 2) <u>жартылай</u> айқындайды; 3) айқындамайды	А.Б.Абуханованың «Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту» атты диссертация тақырыбы 3 тарау 9 бөлімде диссертация мазмұнын толық көлемде анықтайды. Зерттеу жұмысының 1- тарауында шетелдік және отандық зерттеулердегі «Педагогтердің кәсібилігі» ұғымы теориялық тұрғыдан талданып, педагогтің қазіргі білім беру үдерісіндегі рөлін айқындауда «Заманауи педагогтердің кәсібилігі» ұғымына берілген авторлық анықтамасымен дәйектеледі. Заманауи білім беру мазмұнының кезеңдері мен бүгінгі жағдайы сипатталып, педагогтердің

		кәсібилігінің даму ерекшеліктері мен ұстанымдары айқындалып, соған сәйкес тұлғалық-бағдарлы, акмеологиялық, субъектік-әрекеттік, жүйелілік тұғырлары негізделген. 2-тарауда заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттарына сәйкес когнитивтік, әдістемелік, зерттеушілік, рефлексивтік құзыреттіліктері айқындалып, педагогтердің кәсібилігін дамытудың психологиялық - педагогикалық шарттары мен бағыттары анықталған. Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытудың компоненттері мен өлшемдері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалған. 3-тарауда педагогтердің кәсіби даму деңгейінің диагностикасы және кешенді бағдарлама негізінде жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстарының мазмұны, қорытынды нәтижелері сипатталған.
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді</u>; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Диссертант зерттеудің мақсатын «заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту мәселесін теориялық тұрғыда негіздеу, құрылымдық-мазмұндық моделін ұсыну, әдістемесін жасау және тәжірибелік-эксперименттік сынақтан өткізу» деп тұжырымдап, оған 5 міндет арқылы қол жеткізген. Оның әрбір зерттеу міндеті осы мақсаттан туындайды: Зерттеу жұмысының <i>1-тарауында</i> шетелдік және отандық ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарды, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді жан-жақты контент-талдау негізінде «Педагогтердің кәсібилігі» мәселесіне қатысты ұғымдарды жүйелеуі және нақтылауы диссертацияның 1- міндетінде, заманауи білім беру мазмұнының кезеңдерін нақтылау және педагогтердің кәсібилігінің даму ерекшеліктері мен ұстанымдарын сипаттап, әдіснамалық тұғырларын жүйелеуі зерттеудің 2-міндетіне сәйкес келеді. Зерттеудің 3-міндеті бойынша заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін құраушы құзыреттіліктері мен оны дамытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтауы, 4-міндеті бойынша заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін

		дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, оның тиімділігін дәлелдеуі диссертацияның <i>2-тарауында</i> толығымен сипатталады. Зерттеудің 5 міндеті бойынша заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігінің даму деңгейін диагностикалау, оны дамытудың кешенді бағдарламасы мен әдістемесін әзірлеу және олардың тиімділігін тәжірибелік-эксперимент негізінде тексеру диссертацияның <i>3 - тарауында</i> толық талданған. Осы айтылғандар А.Б.Абуханованың диссертациясының мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкестігін дәлелдейді.
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) <u>толық байланысқан</u>; 2) <u>жартылай байланысқан</u>; 3) байланыс жоқ	Диссертациялық жұмыс 3 тараудан 9 бөлімшелерден, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен, қосымшалардан, 12 суреттен, 35 кестеден тұрады. Дұрыс таңдалған тараулар мен бөлімше тақырыптары олардың логикалық байланысын байқатады, заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытудың теориялық негіздерін ашуы зерттеудің дұрыс жүзеге асырылғандығын көрсетеді және - шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде «Педагогтердің кәсібилігі» мәселесіне қатысты ұғымдардың жүйеленуі, заманауи білім беру мазмұнының жаңартылған білім беру, Post-COVID-тік кезеңдері мен бүгінгі жағдайы сипатталып, педагогтердің кәсібилігінің даму ерекшеліктері мен ұстанымдары айқындалып, соған сәйкес тұлғалық-бағдарлы, акмеологиялық, субъектік-әрекеттік, жүйелілік тұғырларының негізделуі 1-ші тараудың бөлімшелері арасындағы тығыз байланысты дәйектейді. Ал, 2-тараудағы ұсынылған заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттарына сәйкес когнитивтік, әдістемелік, зерттеушілік, рефлексивтік құзыреттіліктеріне сәйкес педагогтердің кәсібилігін дамытудың психологиялық - педагогикалық шарттары мен бағыттары айқындалуы зерттеу жұмысының тығыз байланысты екенін көрсетеді. 3-тарау бойынша заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытудың компоненттері мен өлшемдерін анықтап, құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» кешенді бағдарламасы мен әдістемесін әзірлеу, тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік

			жұмыс арқылы дәлелдеуі А.Б.Абуханованың диссертациясының құрылымында барлық тараулары мен бөлімшелердің логикалық байланысын дәлелдейді. Автор алған нәтижелер зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес және ішкі бірлікті сипаттайды. Ғылыми аппаратқа сәйкес теориялық мәліметтер, анықтау және қалыптастыру, қорытындылау эксперименттері мазмұны мен нәтижелері ұсынылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) <u>сыни талдау бар</u>; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту мәселесі бойынша педагогика саласындағы теориялар мен ғылыми әдебиеттерге А.Б.Абуханова сыни талдау жүргізген. Соның негізінде зерттеп отырған тақырыбы бойынша теориялық және әдіснамалық базалардағы кемшіл тұстарын көрсетіп, оны толықтыру бойынша зерттеу жүргізген. Бұл сыни талдау диссертантка заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап және жүзеге асыру әдістемесін әзірлеуге мүмкіндік берген. Ал, алынған тәжірибелік - эксперимент нәтижелері сапалық және сыни талдау арқылы дәлелденген. А.Б.Абуханованың жүргізген сыни талдауы оның әрбір мәселені жеке бағалай алуын, өзіндік ғылыми ұстанымының қалыптасқандығын байқатады.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Зерттеу мәселесі бойынша ғылыми нәтижелер <i>толығымен жаңа</i> болып табылады. <i>Бірінші жаңалығы</i> - шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде педагогтің қазіргі білім беру үдерісіндегі рөлін айқындауда кәсіби дамуға қойылатын міндеттер мен талаптарға сай педагогтердің кәсібилігін дамыту қажеттігі көрсетілген және осы бағытта ғылыми жұмыстар зерделенген, «заманауи педагогтердің кәсібилігі» ұғымын нақтылап, өзіндік анықтама берумен елеулі үлес қосады <i>Екінші жаңалығы</i> - ғылыми-әдіснамалық тұжырымдарды, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді жан-жақты контент-талдау негізінде педагогтердің кәсіби дамуын бағалауда, біліктілік санаттарының көрсеткіштерін нақтылауда әдіснамалық тұғырлардың (акмеологиялық, тұлғалық-бағдарлы, субъектілік-әрекеттік, жүйелілік) мәнін айқындауымен елеулі үлес қосады. <i>Үшінші жаңалығы</i> - заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагог-модератор,

		педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттарына сәйкес олардың кәсібилігін құраушы құзыреттіліктерін дамытуға ықпал ететін психологиялық және педагогикалық шарттарын негіздеумен, педагогтердің кәсібилігін дамытудың құрылымдық мазмұнын жүйелеуде құрылымдық-мазмұндық модель құрастыруымен елеулі үлес қосады. <i>Төртінші жаңалығы</i> - «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» кешенді бағдарламасы жасалады, оны жүзеге асырудың жаңа бағыттарын оқу-ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік, стратегиялық бағыттар негізінде әзірлеп, зерттеудің болжамын растап басты мақсатқа жетуде тәжірибелік экспериментте оң нәтиже беруі арқылы елеулі үлес қосады.
	5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	А.Б.Абуханованың диссертация қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. 1-қорытынды зерттеу аясында педагогтердің кәсібилігін дамыту бойынша отандық және шетелдік әдебиеттерді талдау барысында ұсынған өзінің анықтамасы - «Заманауи педагогтердің кәсібилігі – бұл педагогтердің білім беру үдерісінде оқушымен субъект-субъектілік қарым-қатынас орната отырып, оларды тұлғаның әлемдегі рөлі мен орнын бағалауға, «Басқа Адам» тұлғасын маңызды құндылық ретінде тануға, алған білімін өмірде пайдалануға бағыттайтын кәсіби іс-әрекеттерінің жоғары деңгейі» арқылы нақтылауына мүмкіндік береді. 2-қорытынды - заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтің кәсібилігін дамытудың әдіснамалық негіздері тұлғалық-бағдарлы, акмеологиялық, субъектік-әрекеттік, жүйелілік тұғырлар негізінде анықталады. Бұл тұғырлар Қазақстанның Даму стратегиясына сәйкес жүйеленген. 3-қорытынды - заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін мақсатты түрде дамытатын кешенді педагогтердің біліктілік санаттарына сәйкес құзыреттіліктер когнитивтік, әдістемелік, зерттеушілік, рефлексиялық анықталуымен тиімділігін көрсеткен. 5-қорытынды - педагогтердің кәсібилігінің дамытуда біліктілік санаттарына сәйкес бірнеше бағыттар анықтаған: педагогтің кәсіби еңбек қызметі; педагогтердің көшбасшылығын арттыру; педагогтердің біліктілігін арттыру;

		педагогтерді аттестаттаудан өткізу (ПББ). Осы мақсатта ұйымдастырылған педагогтердің кәсібилін дамыту үдерісінде психологиялық – педагогикалық шарттардың тиімді жүзеге асырылуымен байланысты екендігін дәлелденген. 6-қорытынды - зерттеу нәтижелері педагогтердің кәсібилігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін әзірлеу арқылы нәтижесі заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогикалық біліктілік деңгейіне сәйкес құзыреттілігі дамыған педагог тұлғасын айқындауға бағытталады. 7- қорытынды - «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» кешенді бағдарламасының тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік зерттеулерді анықтау, қалыптастыру және бақылау үдерісінде тексерілді, бұл оның ғылыми негізділігін растады.
	5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	А.Б.Абуханова жүргізген зерттеуінде заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту бойынша 3 ұсынысты анықтауға болады. Олар: Заманауи білім беру мазмұнының маңыздылығын мойындау және оның эволюциясын педагогтердің кәсібилігінің объективі арқылы бірінші кезектегі міндет ретінде қарастыру. Бұл ретте педагогтердің біліктілігін арттыруды қашықтықтан оқыту жүйесімен байланыстырып, кәсіби бағдарланған әдістердің теориясы мен тәжірибесін дамытуға бағыттау керек. «Педагогика және психология» бағыттары бойынша білім беру бағдарламаларын, сондай-ақ қазіргі білім беру ортасында педагогтердің кәсібилігін дамытудың маңыздылығын тиісті түрде көрсету үшін жаңа стандарттарды ескере отырып, үздіксіз білім беру жүйесін жетілдіруді негізге алу қажет. Жалпы білім беретін мектептер мен үздіксіз білім беру жүйесіне білім беру мазмұнына қойылатын қазіргі заманғы талаптарды ескере отырып, педагогтердің кәсібилігін дамытуға ықпал ететін ғылыми-зерттеу және стратегиялық бағыттағы біліктілікті арттырудың халықаралық онлайн-курстарын енгізу негізінде жүзеге асырған дұрыс. Автордың басқа да ұсыныстары қолдауға әбден лайықты, ұсынған шешімдері ғылыми-тәжірибелік негізі технологиялық тұрғыдан толығымен жаңа және негізделген болып табылады. Ол зерттеу жұмысы барысында тұжырымдарды оқу үдерісіне ендіру актісі және тәжірибелік -эксперимент жұмыс нәтижелерімен ғылыми жариялымдарымен растаған.

6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u> /негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	А.Б.Абуханованың зерттеу қорытындыларының негізділігі теориялық – әдіснамалық ұстанымдармен философиялық, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің алуан түрлілігімен, диссертация мазмұнының, зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттеріне сәйкестігімен, зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің орынды үйлесімімен, эксперименттік зерттеу нәтижелерін сапалы және сандық талдаудың үйлесімімен, әртүрлі диагностикалық әдістемелер, тәсілдер, құралдар кешенін пайдаланумен қамтамасыз етіліп, ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Жоғарыда көрсетілген зерттеудің негізгі ұғымдарын нақтылау психологиялық-педагогикалық еңбектерде берілген теориялық анықтамаларға негізделген (1-тарау, 1.1, 1.2, 1.3 бөлімшелер, 2-тарау 2.1, 2.2 бөлімшелер). Диссертанттың заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту мәселесіне қатысты отандық ғалымдардың диссертациялық зерттеулері соңғы жылдары қарқынды жүгізіле бастағандығын негіздеп, зерттеулердің бағыттарын топтастырып, бөліп қарастыруынан көруге болады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u> ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің	Ізденуші-докторант А.Б.Абуханова диссертациялық жұмысы бойынша ұсынған төрт қағида толығымен дәлелденген. Себебі, ұсынылып отырған тұжырымдар алынған мақсат пен міндеттерден туындаған жұмыстың теориялық және тәжірибелік ұстанымдылығын аңғартады. 7.1 «Заманауи педагогтердің кәсібилігі – бұл педагогтердің білім беру үдерісінде оқушымен субъект-субъектілік қарым-қатынас орната отырып, оларды тұлғаның әлемдегі рөлі мен орнын бағалауға, «Басқа Адам» тұлғасын маңызды құндылық ретінде тануға, алған білімін өмірде пайдалануға бағыттайтын кәсіби іс-әрекеттерінің жоғары деңгейі» деп тұжырымдауы да дәлелденіп негізделген. Дәл осы сияқты басқа да қағидаттар теориялар мен тұжырымдамаларға негізделіп, эксперимент арқылы дәлелденген. 7.2 Жұмыс <i>тривиалды емес</i> . Себебі, барлық жаңалықтар теория мен практиканың арасындағы байланысты талдай отырып, құрылымдық-мазмұндық моделін жасағандығымен дәлелденген, бұл жұмыстың ұтымдылығын арттырады. 7.3.Қағидалар жаңа деп тұжырым жасауға негіз бар. Себебі, бес міндет бойынша алынған жаңалықтар қорғауға ұсынылатын қағидалар негізінде көрініс беруі және қорытынды

		жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) <u>кең</u>; 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес. 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) <u>ия</u>; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	ұсыныстар жасауға алғышарт болғанымен дәлелденеді 7.4 Жұмыстың қолдану деңгейі кең деп танылады. Себебі, когнитивті, әдістемелік, зерттеушілік, рефлексиялық құзыреттіліктері дамыған педагогтердің заманауи талаптарға сәйкестендіруде, біліктілік санаттарына байланысты шеберлік деңгейлерін арттыруда диссертация қағидаттарының қолдану деңгейі кең ауқымды. Осылайша заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту мәселесі кең ауқымды екені дәлелденген. 7.5 Диссертациядағы барлық қағидалар мен тұжырымдар талапқа сай қажетті басылымдарда жарияланған, ғылыми қауымдастықтың назарына салынып, тиісті журналдарда оның ішінде Scopus базасына енген шетелдік басылымдарда 2 мақала жарық көрген. Атап айтқанда, 1.«Implementation of the lesson study approach to develop teacher professionalism»// Cypriot Journal of Educational Sciences. –2022. – Vol.17, Iss. 2– P. 652-663; 2. «Association between nomophobia and learning performance among undergraduate students: the mediating role of depression and anxiety» // Frontiers in Education. – 2024. –Vol. 9 – P. 794-802.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>ия</u>; 2) жоқ. 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>ия</u>; 2) жоқ.	Зерттеу барысында басшылыққа алынған тұлғалық-бағдарлы, акмеологиялық, субъектілік-әрекеттік, жүйелілік, тұғырлары мен заманауи білім беру принциптері ғылыми тұрғыдан негізделген. А.Б.Абуханова ғылыми әдістерді нақты пайдаланған және тиімділігін дәлелдеген. Зерттеудің мақсатын, болжамы мен міндеттерін шешу үшін теориялық және эмпирикалық әдістердің кешені диссертантпен анықталған. Теориялық әдістер (алыс және жақын шетелдік, отандық ғалымдардың психологиялық, педагогикалық және оқу-әдістемелік әдебиеттерін зерделеу); диссертациялық зерттеулерді талдау, зерттеу материалдарын жинақтау, қорытындылау, салыстыру, нақтылау; практикалық әдістер: бақылау, педагогтермен пікір алмасу, сауалнама, «Интеллектуалды лабилділік» деңгейін анықтайтын тест, Спилбергер тесті, Сандық көлденең қима әдісі, «Педагогтердің кәсіби іс-әрекетке теориялық-әдіснамалық даярлығын өзіндік бағалау әдістемесі» (Ю.В.Рындина әдістемесінің өңделген нұсқасы); «Тұлғаның бағытын анықтау әдістемесі – жетістікке жету/сәтсіздікке жол бермеу» (А.А. Реан бойынша); «Шығармашылық,

			жауапкершілік шешімдерді қабылдау қабілетін бағалау» (В.И. Андреев бойынша); «Өзін-өзі дамыту және өзіндік білім алуға қабілетін бағалау әдістемесі» (В.И.Андреев бойынша әдістемелері), нормативтік және оқу-әдістемелік құжаттарды талдау, тәжіибелік эксперимент жұмысын жүргізу, статистикалық, графикалық әдістерді қолданған. Диссертация жұмысының нәтижелері заманауи компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ.	Теориялық қорытындылар Жетісу облысының әдістемелік орталығымен, «Жетісу облысы білім басқармасының Талдықорған қаласы бойынша білім бөлімі» ММ «М.Жұмабаев атындағы № 19 орта мектеп-гимназия мектепке дейінгі шағын орталығымен» КММ, «Өтенай ауылындағы мектепке дейінгі шағын орталығы бар №21 орта мектеп» КММ т.б Талдықорған қаласының мектептерімен жүргізген тәжірибелік - эксперимент жұмысында дәлелденген және расталған. Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытуда: «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» атты кешенді бағдарлама аясында мектеп педагогтерінің оқу ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және стратегиялық бағытта кешенді бағдарламасы мен әдістемелік бағыты бойынша ұйымдастырылған WORKSHOP, әдістемелік семинарлар, шеберлік сабақтар, кейс-стадилер симуляциялар мен тренажерлер, конференция, дәріс, тәжірибелік сабақтар, психологиялық тренингтер т.б инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану негізінде қол жеткізілген нәтижелер эксперимент негізінде дәлелденген.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара расталған/ расталмаған	Диссертант ғылыми зерттеу жұмысында өзекті және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтеме жасай отырып, мәнді мәлімдемелерді растайды. Диссертацияда отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге сілтеме берілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Докторант зерттеу жұмысы барысында 243 дереккөздерге сілтемелер берген. Тақырып бойынша осы әдебиеттерді зерделей келе, докторант алдына қойған мәселені шешуде жан-жақты әдеби шолуға жеткілікті деп санаймын.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар:	Диссертацияның теориялық маңызы бар. Себебі: - шетелдік және отандық ғалымдардың зерттеулерін талдау негізінде «Педагогтердің

	1) ия; 2) жоқ.	кәсібилігі» мәселесіне қатысты ұғымдар жүйеленіп, нақтыланған; - заманауи білім беру мазмұнының жаңартылған білім беру, Post-COVID-тік кезеңдері мен бүгінгі жағдайы сипатталып, педагогтердің кәсібилігінің даму ерекшеліктері мен ұстанымдары айқындалып, соған сәйкес тұлғалық-бағдарлы, акмеологиялық, субъектік-әрекеттік, жүйелілік тұғырлары негізделген; - заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагог-модератор, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші, педагог-шебер біліктілік санаттарына сәйкес когнитивтік, әдістемелік, зерттеушілік, рефлексивтік құзыреттіліктері айқындалды, педагогтердің кәсібилігін дамытудың психологиялық - педагогикалық шарттары мен бағыттары анықталған; - заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытудың компоненттері мен өлшемдері, құрылымдық-мазмұндық моделі анықталып, «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» кешенді бағдарлама мен әдістемесі әзірленді, тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыс арқылы дәлелденген.
9.2	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ.	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелері практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Себебі: - «Заманауи педагогтердің кәсібилігін дамыту» атты кешенді бағдарлама даярланып, педагогтердің кәсібилігін біліктілік санаттарына сәйкес құзыреттіліктерін дамыту мақсатында төрт бағытта (оқу-ұйымдастырушылық, оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік және стратегиялық) ұйымдастырылған; -зерттеу жұмысы аясында «Педагогтің кәсібилігін дамытудың негіздері» атты оқу құралы жарық көрген. Заманауи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамытуда педагогикалық біліктілік санаттарына сәйкес ғылыми – тәжірибелік негіздері нақтыланып, құрылымдық-мазмұндық моделі құрастырылған, тәжірибелік-эксперименттік зерттеу жасалынып, нәтижелері қорытындыланған; -педагогтердің кәсібилігін дамытуда педагогикалық біліктілік санаттарына сәйкес тиімді әдіс – тәсілдері жүйеленген.
9.3	Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа;	Зерттеу жұмысы аясында практикалық ұсыныстар толығымен жаңа және диссертациялық зерттеуде қол жеткізілген нәтижелер мен олардың негізінде жасалған нақты

		2) жартылайжаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).	ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын, зерттеу барысында алынған нәтижелерді педагогикалық шеберлік орталықтарында, болашақ педагогтерді даярлау мен педагогтердің білімін жетілдіру қызметінде қолдануға болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертант академиялық жазу ерекшеліктеріне сәйкес, ғылыми стильді ұстанып, жұмыстың құрылымын рәсімдеу белгіленген талаптарға сәйкес орындалған. Диссертациялық жұмыс жүйелі тұрғыда жазылған және академиялық жазу сапасы жоғары.
11.	Диссертацияға ескертулер		
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)	А.Б.Абуханованың диссертация мазмұнына сай жазылған мақалалары және жүргізілген зерттеулерінің негізгі нәтижелері талапқа сәйкес тиісті журналдар мен басылымдарда жарияланған.	
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы ереженің 5.12 тармағына сәйкес)	Зерттеудің өзектілігін, ғылыми жаңалығын және алынған нәтижелердің маңыздылығын ескере отырып, Ажар Базарбаевна Абуханованың «Замануи білім беру мазмұны жағдайында педагогтердің кәсібилігін дамыту» тақырыбындағы диссертациясы аяқталған және ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары мен «Дәрежелер беру қағидаларында» көрсетілген талаптарға сәйкес келетіндіктен 6D010300 – Педагогика және психология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп санауға болады.	

Ресми рецензент:

**педагогика ғылымдарының докторы,
профессор, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
(мамандық шифры: 13.00.01):**

С.К.Абильдина

